

Ленин жұмы

ҚК(б)П СІЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚК(б)П ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 224 (8684)

1945 жылғы 14 ноябрь Сәрсенбі

Шығуына 27-жыл
Жеке саны 20 тыйың

Тракторлар мен комбайндарды жөндеу жұмысы кеңінен өрістетіліп, сапасы жоғары болсын!

1945-ауыл шаруашылық жылы аяқталуға жуықтап келеді. Бүзгі дала жұмыстарын аяқтай отырып, колхоздар, совхоздар мен МТС-тар келесі жылдың көктемгі егісіне әзірлікті бастауда.

Сталиндік төртінші бесжылдықтың бірінші жылы—1946 жылы социалистік ауыл шаруашылығының алдына зор және жауапты міндеттер қойылады. Ол келешекте де егіс көлемінің ұлғаюына, егін шығымының артуына және ауыл шаруашылық егістерінің жалпы өнімінің көбеюіне жетісуге тиіс.

Бұл міндеттерді ойдағыдай орындау біздің егін шаруашылығының барлық күш-құралын толық пайдалануды талап етеді. Әсіресе машина-трактор станциялары зор іс атқаруға тиіс. Бұл түсінікті де: социалистік ауыл шаруашылығында трактор негізгі күш болып саналады.

Өздерінің алдына қойылған міндеттерді аброймен орындау үшін машина-трактор станцияларында хажетті күштің бәрі бар. Бұл үшін тек ғана бір іс: машина-трактор паркін көктемгі егіс пен егін жыйнауға жақсы және дер кезінде даярлау, тракторлар мен комбайндардың жерді жұмыстау және егін жыйнауға қалтқысыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету талап етіледі.

Машина-трактор паркін егіс жұмыстарына дер кезінде және жоғары сапалы

жасау үшін Жер Халық Комиссары А. А. Андреев жолдас ССРО Халық Комиссарлары Советінің қаулысын орындау мақсатында облыстар, өлкелер мен республикалар бойынша МТС-тардың тракторларын, комбайндарын, егін соғатын машиналарын мен ауыл шаруашылық машиналарын күрделі және ағымдағы жөндеуден өткізудің жоспарларын бекітті. Әр бір республика, өлке және облыс үшін машина-трактор паркін жөндеу жұмысын аяқтаудың белгілі мерзімі бекітілді. Бұл мерзім қазірден бастап бұлжымас заң болып саналады, сойтіп оның қолданылуына бақылау жасау жергілікті партия және совет ұйымдарының ең маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Өткен жылдарда жөндеу жұмысының наққашы өткізуде облыстардың, өлкелер мен республикалардың жөндеу жұмысын дер кезінде әрі жоғары сапалы өткізуді көздеген социалистік жарысшың зор ұйымдастырушылық іс атқарғандығы жұртқа мәлім. Сондықтан да қазір үкметіміз тракторларды, ауыл шаруашылық машиналарын мен комбайндарды жөндеудің айлық жоспарларын мұлтіксіз орындаған республикалар, өлкелер мен облыстар үшін ССРО Халық Комиссарлары Советінің ауыспалы 5 Қызыл Туын бекітіп, мұнымен қатар 300 мың сом мөлшерінде сыйлық бергелі отыр. Айлық жоспарларды толық және асыра орындау

ССРО техникалық егістер Халық Комиссариатын күру туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

1. ССРО техникалық егістерінің одақтық-республикалық Халық Комиссариаты құрылып, оған мақта, қант қызылшасы, кендір, зығыр, темекі, маховик, шәй, каучук, эфир-майлы, соя өсімдіктері, сол сыяқты жібек өндірісіне басшылық жасау тапсырылсын.

2. Одақтас республикалар РСФСР, Карель-Фин, Украин, Белорус, Азербайжан, Грузин, Армян, Өзбек, Түркмен, Тәжік, Қазақ, Қырғыз, Молдаван, Литва, Латвия және Эстония ССР-інде да техникалық егістер Халық Комиссариаттарын құру хажет деп танылсын.

3. Оның кәсіп орындары мен ұйымдары, ССРО Халық Комиссарлары Советі бекіткен тізім бойынша ССРО техникалық егістер Халық Комиссариатына тапсырылсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының
Президенти М. КАЛИНИН.
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының
Секретарі А. ГОРКИН.

Москва, Кремль.
1945 жылғы 11 ноябрь.

Жазушы С. М. Сергеев-Ценскийді Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтау туралы

Бүкіл елімізбен бірге колхоз деревня өзiнiң барлық тұрмысын, барлық жұмысын б мақсатқа: ұлы жеңісімізді баянды ету, еліміз, бұрынғыдан да қуатты және дәулетті ету ма сатына бағындырып отыр. Күзгі-қысқы маусы да тракторларды жөндеу жұмысын ойдағыдай өткізу колхоздар мен совхоздардың бұл хасие ті міндетті орындауын тездету ісіне көмектес тін болады.

ҚК(б)П облыстық комитетінің пленумы

11 ноябрьде ҚК(б)П обкомінің үшінші пленумы болып өтті. Пленумда астық бастыру және мемлекетке астық тапсыру жұмысын аяқтау жөніндегі шешуші шаралар туралы мәселе талқыланды. Бұл мәселе жөнінде ҚК(б)П обкомінің секретарі Мельник жолдас баяндама жасады.

—Быйылғы жылы МТС-тарда, колхоз, совхоздарда ауыл шаруашылық жұмыстары Қазақ ССР-нің 25 жылдығы хұрметіне кеңінен құлаш жайған социалистік жарыс негізінде жүргізілді. Облысымыздың колхоздары, МТС-тары мен совхоздары мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындау жөнінде ұлғайтылған міндеттемелер алды.

Облысымыздың бірсыпыра колхоздары өз міндеттерін аброймен орындады. Петропавл ауданының колхоздары астық дайындау жоспарын толық орындап шықты. Приешім және Совет аудандарының колхоздары да мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындауға жуық отыр. Алайда жалпы облысты тұтас алғанда колхозшылардың, МТС және совхоз жұмысшыларының саяси өндірістік жігерін тиісті дәрежеде бастай алмадық. Осының салдарынан облысымыз мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындауда кешіргісіз артта қалды. 5 ноябрьге дейін облысымыздың колхоз, совхоздары мемлекетке астық тапсыру жоспарын небары 76,4 процент ғана орындады. Қоняхов ауданы астық тапсыру жоспарын небары 51 процент орындап кешіргісіз артта қалды. Сол сыяқты Соколов, Булаев және Прес-тар аудандары да астық дайындауда арт

тіс. Егін соғатын бригадалар толықтырылып, механиктер комбайндардың техникалық кемшіліктерін жөндеу ісінде комбайншыларға қолма-қол көмектесетін болсын. Астық бастыруда жұмыс істеп жүрген колхозшыларды жылы киіммен, астық аспен тағы басқа керек-жарақпен қамтамасыз ету керек. Егін соғатын бригадалардың мүшелері колхозшылардың жалпы жыйылысында бекітілген, олар астық бастыруда үздіксіз жұмыс істейтін болсын. Ал, хажет болған жерде егін соғатын бригаданы аудандық партия активінен арнаулы қызметкерлер басқаратын болсын. Астық бастыру жөнінде тұжырымды мерзім тағайындап, бұл жұмысты тез аяқтау ісіне барлық күш-мүмкіншілік жұмсалсын.

Баяндамашы дайындау орындарының басшыларын қатты сынға алды. Бізде дайындау ұйымдары астық дайындау жұмысымен емес, тек астықты сақтау ісімен ғана шұғылданып отыр. Дайындау Халық Комиссариатының кейбір аудандық өкілдері астық дайындау жөнінде мәлімет жыйнау ісімен ғана шұғылданып, мемлекетке астық тапсыруда колхоз басқармаларына, МТС және совхоз директорларына нақтылы көмек көрсетпейді. Дайындау Халық Комиссариатының облыстық өкілі Маслов, облыстық астық дайындау мекемесінің бастығы Зайцев жолдасар аудандарда астық дайындау жұмысын шын мәнінде ұйымдастыру үшін шешуші шаралар қолдануға тиіс. Мұнымен бірге түкпірдегі пункттерде астықтың бүлінбей сақталуына ерек

ауданында да жағдай осындай. Аудан партия комитетінің секретарі Козиндас астық дайындау жұмысын жан-жағынан сан рет уәде берген еді. Ол уәдесінде тұрмады. Облыс пен ұйымдары астық бастыру және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын тез аяқтау үшін барлық күшті жұмыс істес.

ҚК(б)П Октябрь аудандық комитеті секретарі Васильченко жолдас сөз сөйледі. Ол былай деді:

—Ауданымыздың бірсыпыра аудандары колхоздары мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындап, қазіргі таңда тыс астық тапсырып жатыр. Алайда жалпы аудан бойынша тапсыру жоспары небары 77 процент ғана орындалды. Астық бастыру жөнінде ұзаққа созылды, әлі де 7 мың егін соғылмай тұр. Қазір аудан жерінде астық бастыратын 51 бригаданы ұйымдастырылды, бұл бригадалар көм дегенде 600 гектар егін 10 колхоз қазірдің өзінде астық бастыру жұмысын аяқтады. Бұл колхоз комбайндар астық бастыруда артта қалған колхоздарға аларылды. Астық тапсыру және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын тез арада аяқтау үшін мүмкіншілікті пайдаланудамыз.

Ленин жұмы

ҚК(б)П СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚК(б)П ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 224 (8684)

1945 жылғы 14 ноябрь Сәрсенбі

Шығуына 27-жыл
Және саны 20 тыйғы

Тракторлар мен комбайндарды жөндеу жұмысы кеңінен өрістетіліп, сапасы жоғары болсын!

1945-ауыл шаруашылық жылы аяқталуға жуықтап келеді. Күзгі дала жұмыстарын аяқтай отырып, колхоздар, совхоздар мен МТС-тар келесі жылдың көктемгі егісіне әзірлікті бастауда.

Сталиндік төртінші бесжылдықтың бірінші жылы—1946 жылы социалистік ауыл шаруашылығының алдына зор және жауапты міндеттер қойылады. Ол келешекте де егіс көлемінің ұлғаюына, егін шығымының артуына және ауыл шаруашылық егістерінің жалпы өнімінің көбеюіне жетісуге тиіс.

Бұл міндеттерді ойдағыдай орындау біздің егін шаруашылығының барлық күш-құралын толық пайдалануды талап етеді. Әсіресе машина-трактор станциялары зор іс атқаруға тиіс. Бұл түсінікті де: социалистік ауыл шаруашылығында трактор негізгі күш болып саналады.

Өздерінің алдына қойылған міндеттерді аброймен орындау үшін машина-трактор станцияларында қажетті күштің бәрі бар. Бұл үшін тек ғана бір іс: машина-трактор паркін көктемгі егіс пен егін жыйнауға жақсы және дер кезінде даярлау, тракторлар мен комбайндардың жерді жұмыстау және егін жыйнауға қалтқысыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету талап етіледі.

Машина-трактор паркін егіс жұмыстарына дер кезінде және жоғары сапалы

жасау үшін ССРО Одағы Жер Халық Комиссары А. А. Андреев жолдас ССРО Халық Комиссарлары Советінің қаулысын орындау мақсатында облыстар, өлкелер мен республикалар бойынша МТС-тардың тракторларын, комбайндарын, егін соғатын машиналарын мен ауыл шаруашылық машиналарын күрделі және ағымдағы жөндеуден өткізудің жоспарларын бекітті. Әр бір республика, өлке және облыс үшін машина-трактор паркін жөндеу жұмысын аяқтаудың белгілі мерзімі бекітілді. Бұл мерзім қазірден бастап бұлжымас заң болып саналады, сөйтіп оның қолданылуына бақылау жасау жергілікті партия және совет ұйымдарының ең маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Өткен жылдарда жөндеу жұмысының нақданып өткізуде облыстардың, өлкелер мен республикалардың жөндеу жұмысын дер кезінде әрі жоғары сапалы өткізуді көздеген социалистік жарысының зор ұйымдастырушылық іс атқарғандығы жұртқа мәлім. Сондықтан да қазір үкметіміз тракторларды, ауыл шаруашылық машиналарын мен комбайндарды жөндеудің айлық жоспарларын мұлтіксіз орындаған республикалар, өлкелер мен облыстар үшін ССРО Халық Комиссарлары Советінің ауыспалы 5 Қызыл Туын бекітіп, мұнымен қатар 300 мың сом мөлшерінде сыйлық бергені отыр. Айлық жоспарларды толық және асыра орындау

ССРО техникалық егістер Халық Комиссариатын күру туралы

ССРО Жоғарғы Советі
Президиумының Указы

1. ССРО техникалық егістерінің одақтық-республикалық Халық Комиссариаты құрылып, оған мақта, қант қызылшасы, кендір, зығыр, темекі, маховик, шәй, каучук, эфир-майлы, соя өсімдіктері, сол сияқты жібек өндірісіне басшылық жасау тапсырылсын.

2. Одақтас республикалар РСФСР, Карель-Фин, Украин, Белорус, Азербайжан, Грузин, Армян, Өзбек, Түркмен, Тәжік, Қазақ, Қырғыз, Молдаван, Литва, Латвия және Эстония ССР-інде да техникалық егістер Халық Комиссариаттарын құру қажет деп танылсын.

3. Оның кәсіп орындары мен ұйымдары, ССРО Халық Комиссарлары Советі бекіткен тізім бойынша ССРО техникалық егістер Халық Комиссариатына тапсырылсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының
Председателі М. КАЛИНИН.
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының
Секретарі А. ГОРКИН.

Москва, Кремль.
1945 жылғы 11 ноябрь.

Жазушы С. М. Сергеев-Ценскийді Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтау туралы

Бүкіл елімізбен бірге колхоз деревня өзiнiң барлық тұрмысын, барлық жұмысын б мақсатқа: ұлы жеңісімізді баянды ету, еліміз, бұрынғыдан да қуатты және дәулетті ету ма сатына бағындырып отыр. Күзгі-қысқы маусым да тракторларды жөндеу жұмысын ойдағыдай өткізу колхоздар мен совхоздардың бұл хасие ті міндетті орындауын тездету ісіне көмектес тін болады.

ҚК(б)П облыстық комитетінің пленумы

11 ноябрьде ҚК(б)П обкомінің үшінші пленумы болып өтті. Пленумда астық бастыру және мемлекетке астық тапсыру жұмысын аяқтау жөніндегі шешуші шаралар туралы мәселе талқыланды. Бұл мәселе жөнінде ҚК(б)П обкомінің секретарі Мельник жолдас баяндама жасады.

—Быйғы жылы МТС-тарда, колхоз, совхоздарда ауыл шаруашылық жұмыстары Қазақ ССР-ның 25 жылдығы хұрметіне кеңінен құлаш жайған социалистік жарыс негізінде жүргізілді. Облысымыздың колхоздары, МТС-тары мен совхоздары мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындау жөнінде ұл гайтылған міндеттемелер алды.

Облысымыздың бірсыпыра колхоздары өз міндеттерін аброймен орындады. Петропавл ауданының колхоздары астық дайындау жоспарын толық орындап шықты. Приепім және Совет аудандарының колхоздары да мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындауға жуық отыр. Алайда жалпы облысты тұтас алғанда колхозшылардың, МТС және совхоз жұмысшыларының саяси өндірістік жігерін тиісті дәрежеде бастай алмадық. Осының салдарынан облысымыз мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындауда кешіргісіз артта қалды. 5 ноябрьге дейін облысымыздың колхоз, совхоздары мемлекетке астық тапсыру жоспарын небары 76,4 процент ғана орындады. Конохов ауданы астық тапсыру жоспарын небары 51 процент орындап кешіргісіз артта қалды. Сол сияқты Соколов, Булаев және Прес-тау аудандары да астық дайындауда арт

тіс. Егін соғатын бригадалар толықтырылып, механиктер комбайндардың техникалық кемшіліктерін жөндеу ісінде комбайншыларға қолма-қол көмектесетін болып, Астық бастыруда жұмыс істеп жүрген колхозшыларды жылы киіммен, астық аспен тағы басқа керек жарақпен қамтамасыз ету керек. Егін соғатын бригадалардың мүшелері колхозшылардың жазып жыйылысында бекітілген, олар астық бастыруда үздіксіз жұмыс істейтін болып, Ал, қажет болған жерде егін соғатын бригаданы аудандық партия активінен арнаулы қызметкерлер басқаратын болып, Астық бастыру жөнінде тұжырымды мерзім тағайындап, бұл жұмысты тез аяқтау ісіне барлық күш-мүмкіншілік жұмсалсын.

Баяндамашы дайындау орындарының басшыларын қатты сынап алды. Бізге дайындау ұйымдары астық дайындау жұмысымен емес, тек астықты сақтау ісімен ғана шұғылданып отыр. Дайындау Халық Комиссариатының кейбір аудандық өкілдері астық дайындау жөнінде мәлімет жыйнау ісімен ғана шұғылданып, мемлекетке астық тапсыруда колхоз басқармаларына, МТС және совхоз директорларына нақтылы көмек көрсетпейді. Дайындау Халық Комиссариатының облыстық өкілі Маслов, облыстық астық дайындау мекемесінің бастығы Зайцев жолдасар аудандарда астық да дайындау жұмысын нын мәнінде ұйымдас-тыру үшін шешуші шаралар қолдануға тиіс. Мұнымен бірге түкпірдегі пункттер де астықтың бүлінбей сақталуына ерек

ауданында да жағдай осындай. Аудан партия комитетінің секретарі Козмдас астық дайындау жұмысын жан-жөнінде сан рет уәде берген еді. Ол уәдесінде тұрмады. Облыс пен ұйымдары астық бастыру және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын тез аяқтау үшін барлық күшті жұмсай тиіс.

ҚК(б)П Октябрь аудандық комитеті секретарі Васильченко жолдас сөз сөйледі. Ол былай деді:

—Ауданымыздың бірсыпыра аудандары колхоздары мемлекетке тапсыру жоспарын орындап, қазіргіден тыс астық тапсырып жатыр. «Мәрс» колхозы мемлекетке нардан тыс 1000 центнерден астам тапсырды. Сол сияқты «Красная та», «Красное поле» тағы басқалар жоғардан тыс астық тапсыра алады. Алайда жалпы аудан бойынша тапсыру жоспары небары 77 процент ғана орындалды. Астық бастыру жөнінде ұзаққа созылды, әлі де 7 мың егін соғылмай тұр. Қазір аудан мырында астық бастыратын 51 бригаданы ұйымдастырылды, бұл бригадалар кем дегенде 600 гектар егін 10 колхоз қазірдің өзінде астық бастыру жұмысын аяқтады. Бұл колхоз комбайндар астық бастыруда артта қал колхоздарға апарылды. Астық тапсыру және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын тез арада аяқтау үшін мүмкіншілікті пайдаланудамыз.

тарының көлемін елеуір арттырды. Астық тапсыруының күші бар әрбір трактормен істелген жұмыс көлемі 1945 жылғы 20 октябрьге дейін өткен жылдан 54 гектар асып түсті. Бұл машиналарды егіс жұмыстарына әзірлеуде және олардың жұмысқа пайдаланылуын ұйымдастыруда істің жақсарғандығының айқын нәтижесі.

МТСтарда жаңа жөндеу маусымы басталған кезінде ауыл шаруашылығының 1946 жылғы аса зор міндеттерін ойдағыдай орындау үшін жағдай жасалып отырған кезде бйылығы ауыл шаруашылық жылының тәжірибесін еске түсіру әсіресе қазіргі уақытта орынды болады. Барлық жергілікті партия және совет ұйымдары өздері үшін мынадай бір қорытынды жасауға тиіс: машина-трактор паркін олар неғұрлым жақсы әзірлесе, олар басқарған колхоздар жерді солғұрлым ойдағыдай жыртып, себеді және егінді жақсы жыйнап алады, сондай-ақ мемлекет алдындағы міндеттемесін мүлтіксіз орындайды.

Машина-трактор паркін жөндеу жұмысын дер кезінде өрістетіп, оны мезгілінде және жақсы өткізудің қандай маңызы бар екендігін көптеген облыстардың, аудандар мен МТС басшыларының жақсы түсінгендігін айта кету керек болады. Харьков облысының МТСтары жөндеу жұмысының қарқынды алғашқы күннен бастап-ақ неғұрлым күшейтті. Олар октябрь жоспарын орындады, сөйтіп ноябрь айының жоспарын орындау үшін барлық шараларды қолдануда. Өздерінің алдына тракторлар мен тіркеу машиналарын жөндеу жұмысын декабрь айы басталғанға дейін аяқтау міндетін қойған Москва облысындағы Виноградов МТС октябрь айының жоспарын ойдағыдай орындап, жөндеу жұмысының қарқынды күшейтуде.

Дегенмен жөндеу жұмысының қарқынды, сол сияқты оның сапасы 1946 жылы ауыл шаруашылығына қойылып отырған жоғары талапқа барлық жерде бірдей сай деп айтуға болмайды. Кейбір облыстар, әлсіздер мен республикалар өткен жылдардағыдай, жөндеу жұмысын өрістетуді кешіктіріп, оны мүлдем баяу қарқынмен жүргізіп келеді. Мысалы, Қазақ ССР жөндеу жұмысының графигін орындау былай түрсын тіпті өткен жылдардағы қарқыннан да кейін қалып отыр.

Жөндеу жұмысының басталуына кешіктірмей, оны қатаң график бойынша жүргізу, сапа жөнінде қойылатын талапты бұлжытпай қолданып, жұмысты сапасыз істеушілерге ешбір жол бермеу, — күзгі-қысқы жөндеу науқанында жергілікті партия және совет ұйымдарына қойылатын негізгі талап міне осындай. Өткен жылдарда көптеген аудандардың басшылары бұл талапты ұмытып тракторлармен істелетін жұмыстардың мемлекеттік жоспарлары мен ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі тапсырмаларды орындамады. Егер әрбір облыс пен ауданда ауыл шаруашылығының келешекте де өркендеуіне жеткіміз келсе, үстіміздегі жылы жөндеу жұмысына тиіс еместің.

кезінде және жоғары сапалы орындағаны үшін 1945—1946 жылғы жөндеу жұмысының бүкіл маусымына МТСтардың, машина-трактор мастерскойлары мен жөндеу заводтарының басшы және инженер-техник қызметкерлеріне, сол сияқты жөндеу трестерінің, өлкелік, облыстық жер бөлімдері мен СССР Жер Халық Комиссариаты орталық мекемесінің басшы және инженер-техник қызметкерлеріне сыйлық беру тәртібінің сақталғандығын қосуға болады.

Мастерскойларда большевиктік қатаң тәртіп орнатып, еңбекті дұрыс ұйымдастыру, еңбек тәртібін қатты сақтау, жөндеу жұмыстарының графигін бұлжытпай қолдану — МТСтар мен совхоздардың директорлары мен механиктерінен міне осылар талап етіледі. Жұмысты бір жерге топталып істеуге ешбір жол берілмесін. Мүмкін болған жердің бәрінде жұмысты дербес әдіспен істеу ісін қолдану керек. Жөндеуші жұмысшылар үшін тиісті жағдай жасау және ең алдымен мастерскойларды жылыту, жарықпен қамтамасыз ету, жатақханаларды жабыну, көпшілік тамақтандыру орнын ұйымдастыру жөнінде қазірден бастап қамқорлық жасау өте маңызды іс.

Машина-трактор паркін дер кезінде және жоғары сапалы әзірлеу жөнінде жергілікті және одақтық өнеркәсіпке ерекше зор міндет жүзтеледі. Олар соғыс жылдарында МТСтар мен совхоздарға көмектесу үшін күш-күрал таба білді. Қазір, соғыс жеңісімізбен аяқталған кезде оларда мұндай мүмкіншіліктер бұрынғысынан екі есе, үш есе көп. Олардың борышы — әрбір машинаны жаңарту, сөйтіп мұнымен, келесі ауыл шаруашылық жылдың бүкіл маусымы бойына оның қалтқысыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығына тракторларға, комбайндарға тағы басқа машиналарға керекті қосалқы бөлшектерді жеткілікті мөлшерде беру болып саналады.

Комбайндарды жөндеу жөнінде ерекше айта кетуге тура келеді. Өткен жылдарда көптеген аудандарда бұларды әзірлеу жұмысы егін жыйнау басталатын кезеңге қалдырылып, елеулі кемшілікке жол берілді. Мұндай зиянды тәжірибеге тыйым салу керек. Комбайндарды жөндеу тракторларды жөндеу жұмысы сияқты қазірден бастап өрістетіліп, күншілері аяқталсын.

Социалистік ауыл шаруашылығының алдына жаңа міндеттер, жаңа талаптар қойылғалы отыр. Бүкіл елімізбен бірге колхоз деревнясы өзінің барлық тұрмысын, барлық жұмысын бір мақсатқа: ұлы жеңісімізді баянды ету, елімізді бұрынғыдан да қуатты және дәулетті ету мақсатына бағындырып отыр. Күзгі-қысқы маусымда тракторларды жөндеу жұмысын ойдағыдай өткізу колхоздар мен совхоздардың бұл хатшетті міндетті орындауын тездету ісіне көмектесетін болады.

Жөндеу жұмысы кеңінен өрістетіліп, оның сапасы жоғары болсын!

(«Правданың» 12 ноябрьдегі баспақаласы).

сний туғанына 70 жыл толуына байланысты Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталсын.

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председатели М. КАЛИНИН.

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі А. ГОРКИН.

Москва, Кремль.

1945 жылғы 12 ноябрь.

Үгітшілер сайлау қарсаңында

Облыстық партия комитеті бұхараны СССР Жоғарғы Советінің сайлауына дайындау кезінде жүргізілген үгіт-көпшілік жұмысының жоспары туралы қаулы қабилдады.

Қазір аудандық партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары осы жоспарды орындауға кірісті. Бірсыра сайлау учаскелеріне қазірдің өзінде үгітшілер тағайындалды. Көптеген үгітшілер топтары бұхараны СССР Жоғарғы Советінің сайлауы туралы ережемен және Сталин жолдастың 1937 жылы 11 декабрьде Москва қаласындағы Сталин сайлау округінде сайлау алдындағы жиылыста сөйлеген сөзімен таныстыруда.

Ноябрьдің 10-нан 20-на дейін облыс МТСарында, колхоздары мен совхоздарында және өнеркәсіп орындарында үгітшілердің семинарлары өткізіледі. Үгітшілер ол семинарларда: «Сталиндік Конституция дүние жүзіндегі ең демократияшыл Конституция», «Еңбекшілер депутаттарының советтері — СССР Одағының саяси негізі», «Шаруашылықтың социалистік жүйесі және социалистік меншік — СССР Одағының экономикалық негізі», «Совет халқының саяси-моральдық бірлігі» деген тақырыптарда тағы басқа осы сияқты тақырыптарда лекциялар тыңдайтын болады. Партия комитеттері мен қалалық комитеттің партия оқу үйлерінде лекторлар мен психихатшылар сайлаушылар алдында баяндамалар, лекциялар жасауға әзірленуде.

Ж. ОСПАНОВ.

САЙЛАУ ЗАҢЫН ҮЙРЕНУ ҮЙІРМЕСІ

Мамлют ауданындағы Калугин орталау мектебінің оқытушылар коллективі бұхараны СССР Жоғарғы Советінің алдағы болатын сайлауына әзірлеу ісіне белсене қатысуда. Оқытушы үгітшілер әрбір 10 үйге бөлінді. Олар сайлаушыларға совет мемлекетінің шаруаларға не бергендігін және қазақ халқы үшін октябрь революциясының маңызын жете түсіндіріп жүр. Сонымен бірге үгітшілер сайлаушыларға сайлау тәртібін тыңбай үйретуде. Сондай-ақ үгітші оқытушылар оқу үйі жағында сайлау заңын үйрену жөнінде үйірме ұйымдастырды.

Б. ЕРҒАЛИЕВ.

аз берді. Бұл аудандық совет атқару комитеттерінің егін жыйнауы тез аяқтау және мемлекет алдындағы борышты тез орындау үшін шын мәнінде большевиктік күрес жүргізеуі салдарынан болып отыр.

Баяндамашы астық совхоздарының басшыларын қатты сынға алды. 5 ноябрьге дейін астық совхоздары тресінің қарамағындағы жеті совхоздың тек екеуі ғана — Совет және Киров атындағы совхоздар ғана астық дайындау жоспарын орындады. Астық дайындауда әсіресе Возвышен совхозы мүлде артта қалды. Мұнда астық дайындау жоспары небары 50 процент, Шағлы совхозында 70 процент орындалды. Астық совхоздары тресінің және көрсетілген совхоздардың басшылары астық үшін большевикше күрес жүргізбеді. Сөйтіп олар астық дайындау жұмысын олқылыққа ұшыратып отыр. Мұндай жағдайға тіпті төзуге болмайды, астық дайындауды көрне-көзге бегеушілер қатаң жауапқа тартылуға тиіс.

—Облыс колхоздары мен совхоздарында, — деді Мельник жолдас, — астық дайындау мен астық бастыру жұмыстарының арасында үлкен алшақтық бар. Облысымыздың колхоздарында 40 мың гектардан аса егін әлі күнге дейін бастырылған жоқ. Ленин ауданының колхоздарында 11195 гектар, Октябрь ауданының колхоздарында 7943 гектар егін соғылмай тұр. Облысымызда әлі күнге дейін бірде-бір аудан, бірде-бір МТС астық бастыруды аяқтаған жоқ. МТС директорлары және облыстық жер бөлімінің басшылары барлық күш-күралды астық бастыруға пайдалану ісіне ойдағыдай көңіл бөлмеді. Осының салдарынан облыстың колхоз, совхоздарында егін соғу жұмысы ойсыраған олқылыққа ұшырап отыр. Колхоз, совхоздарда астық соғатын комбайндар мен молотилкалар көбінесе босқа тоқтап тұрады. Ал, МТС механиктері колхоздарда қыдырумен күн өткізіп, комбайншыларға қолма-қол көмек көрсетпейді.

Астық бастырудың кешегідейінің бір себебі — колхоздарда еңбектің нашар ұйымдастырылуы. Бізде күндіз-түні бірдей жұмыс істеу тек сөз жүзінде ғана айтылып, іске асырылмай келеді. Колхоздарда жұмыс сағат 10-12-де басталып, кешкі 5-6-да аяқталады. Аудандық партия комитеттерінің қызметкерлері астық соғатын бригадаларды ұйымдастыру ісіне жете көңіл бөлмейді, астық бастыруды тәулік бойына ұйымдастыру үшін тағайындалған тапсырмалардың толық және артығымен орындалуы үшін шын мәнінде күрес жүргізбей келеді.

—Астық дайындаудың ойдағыдай жүргізілуі, — деді бұдан әрі баяндамашы, — астық бастыру жұмысының үлгілі ұйымдастырылуына тікелей байланысты. Сондықтан әрбір колхозда астық бастыруды қысқа мерзімде аяқтау үшін шешуші шара қолдану керек. МТС директорлары комбайн агрегаттарының мүлтіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін іскерлік көрсетуге

катаң күрес жүргізуіміз керек. Мельник жолдас сөзінің аяғында былай деді:

—18 ноябрьде республикамыздың еңбекшілері Қазақ ССР-нің даңқты 25 жылдығын мерекелейді. Қазіргі міндет — астық бастыру мен мемлекетке астық тапсыруды тез арада аяқтау ісіне барлық күш-мүмкіншілікті толық жұмылдыру болып саналады.

Астық бастыру мен мемлекетке астық тапсырудың барысы жөнінде РК(б)П Ленин аудандық комитетінің секретарі Казирин, РК(б)П Преснов аудандық комитетінің секретарі Васин және РК(б)П Соколов аудандық комитетінің секретарі Горохов жолдастар қосымша баяндама жасады.

Пленумға қатысушылар қосымша баяндамаларға қанағаттанбады. Васин және Горохов жолдастардың сөзінен олардың мемлекетке астық тапсыру жөнінде алынған міндеттемелерді әрбір колхоздың мүлтіксіз орындауы үшін шын мәнінде күрес жүргізбегендігі, колхоз, совхоздардың бірінші парызды дер кезінде өтеуін қамтамасыз ету үшін аудан басшыларының шешуші шара қолданбағандығы байқалды. Васин және Горохов жолдастар астық тапсыру жұмысындағы кемшіліктердің сырын талдап айту орнына, түсініксіз деректер келтіріп, бұдан әрі астық дайындауға мүмкіншілік жоқ деп дәлелдеуге тырысты. Бұл басшылар астық дайындау сияқты мемлекеттік маңызы зор іске немқетті қарап, әрбір колхоз, совхоздың астық дайындау жоспарын толық орындауын қамтамасыз етпеді.

Пленум Васин және Горохов жолдастарға егер олар астық дайындау жұмысындағы бұл сияқты ойсыраған олқылықты тез арада жоймаса, оларға қатаң шара қолданылатындығын ескертті.

Партия бақылау комиссиясы өзінің орынбасары Буценец жолдас сөз сөйлеп, былай деді:

—Солтүстік Қазақстан облысы бірнеше жылдан бері астық дайындау жоспарын орындай алмай келеді. Мұның себебі: кейбір басшылар алынған міндеттеменің орындалуы үшін большевиктік күрес ашпайды. Тіпті аудандық партия комитетінің кейбір секретарьлары осы пленумының өзінде астық дайындау жоспарын орындай алмаймыз дегенді мәлімдеп отыр. Бұл оларға қатты талап қойылау салдарынан болған іс. Колхоздарда астық дайындау жұмысы дұрыс ұйымдастырылса, колхоздар бірінші парызды өтеп ғана қоймай, жоспардан тыс көп астық тапсыраған болар еді. Петропавл және Полудень аудандары бірімен-бірі көршілес, бұл аудандардың егіндік жерінің сапасы да бірдей. Петропавл ауданы мемлекетке астық тапсыру жоспарын толық орындап шықты. Ал, Полудень ауданы астық тапсыру жұмысын ойсыраған олқылыққа ұшыратты. Мұның себебі — Полудень ауданының басшылары астық дайындауды тіпті сылбыр ұйымдастырды. Мамлют

комбайндар, астық бастыратын машиналар жұмысқа дұрыс пайдаланып. Қазір ауданымызда астық тапсыру жоспары 93,6 орындалды. Астық тапсыру толық орындау үшін барлық мүмкіншілікті пайдаланудамыз. Аудан колхозы астық тапсыру жоспары орындап, мемлекетке жоспардағы тапсыруда. Республикамызты мерекесіне дейін астық дайынын толық орындаймыз.

